

# Виза алымдары

---

12.09.2022 ж. ақпаратты

02.02.2020 бастап Шенген визалары үшін виза алымы 80 евроны құрайды және өтініш берген кезде төленуі керек.

01.09.2017 жылдан бастап ұлттық визалар үшін алым 75 евроны құрайды.

Дегенмен, Виза кодексінде де (Шенген визалары) да, тұру туралы бұйрықта да (ұлттық визалар) белгілі бір жеңілдіктер мен алымдарды төлеуден босату қарастырылған.

## Алымдарды төлеуден босату

### Шенген визалары:

Шенген елдері үшін азаматтардың келесі топтары – азаматтығына қарамастан – визалық алымды төлеуден босатылады:

- 6 жасқа дейінгі балалар;
- Оқуға немесе оқуға түсуге ниет білдірген студенттер, дайындық курсаралының қатысуышылары және онымен бірге жүретін оқытуышылар;
- Коммерциялық емес үйымдар үйымдастыратын семинарларға, конференцияларға, спорттық, мәдени немесе білім беру іс-шараларына қатысатын 25 жасқа дейінгі коммерциялық емес үйымдардың өкілдері;
- (ЕО) 2016/801 директивасының 3(2) бабының мағынасында зерттеушілер зерттеу жүргізу немесе ғылыми семинарға немесе конференцияға қатысу мақсатында саяхаттау кезінде;
- Өтініш берушінің жаңа төлкүжатындағы жарамдылық мерзімі бірдей жаңа визаға төлкүжаттағы «толық» (бос беттерсіз) ескі, өлі жарамды визаны «ауыстыру».

### Ұлттық визалар:

- Германияда болу үшін мемлекеттік қорлардан стипендия алатын шетелдіктер, сондай-ақ олардың жұбайлары немесе өмірлік серіктері және кәмелетке толмаған балалары, егер олар қолдау бағдарламасына енгізілген болса;
- Германияда орналасқан дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің және халықаралық үйымдардың қызметкерлері, олардың жұбайлары мен 25 жасқа дейінгі балалары;
- егер Германия екі жақты немесе көп жақты шарттар бойынша міндеттемелер алған болса.

### **Алымдардан босатудың жалпы шарттары:**

- Барлық визалар немістердің ерлі-зайыптыларына, тіркелген бір жынысты серіктестеріне және некеде тұрмаған кәмелетке толмаған балаларына, кәмелетке толмаған немістердің ата-аналарына және ЕО/ЕЭК азаматтарының отбасы мүшелеріне, егер олар қозғалу еркіндігін пайдаланса, тегін беріледі.

### **Алым женілдіктері**

а) Армениямен, Әзіrbайжанмен визалық режимді женілдету туралы көлісімдер осы елдердің азаматтары үшін бүкіл әлем бойынша Шенген визасы үшін 35 еуро алымын және бұл виза алымынан әртүрлі босатуларды (мысалы, туыстарына бару үшін) қарастырады.

Сербия, Македония, Черногория, Босния және Герцеговина, Молдова, Албания, Украина және Грузия азаматтары бұрынғысынша визалық режимге (биометриялық емес төлкүжаттардың иелері) да виза бойынша 35 еуро көлемінде виза алымы алынады.

б) Алты мен он екі жас аралығындағы балалар үшін Шенген визасын беру ақысы 40 еуроны құрайды.

с) Кәмелетке толмағандарға арналған ұлттық визаларды ресімдеу кезінде төлемнің жартысы қолданылады, яғни 37,50 еуро. Сонымен қатар, Германияның шетелдегі өкілдіктері егер сұрапған болу мәдениетті, сыртқы саясатты, даму саясатын немесе басқа да маңызды қоғамдық мүдделерді ілгерілетуге қызмет етсе немесе гуманитарлық себептерге байланысты болса, жекелеген жағдайларда визалық алымды азайту немесе босату мүмкіндігін қарастырады. Ресми көрме билетін ұсынатын неміс көрмелерінің шетелдік қатысуышылары да виза алымынан босатылады.

Жеке жағдайларда визалық алымдар туралы ақпарат алу үшін визаны беруге жауапты Германияның шетелдегі өкілдігіне хабарласыңыз.